

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1001 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1857. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Салық төлеушілерді салық есебінде аударым жасау тәсіліне көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1001 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 28, 251-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "1997" деген сан "1998" деген санмен ауыстырылсын;

2 - тармақта :

бірінші абзац "салықтарды" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта :

"салық сомаларын" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

"өсім" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі